

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Құрылыс материалдары**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Төмен иленгішті саздың су қажеттілігі, %
  - A) 20-28
  - B) 15-10
  - C) 50-60
  - D) 60-80
  - E) 8-20
  
2. Орташа иленгішті саздың су қажеттілігі, %
  - A) 5-10
  - B) 50-60
  - C) 20-28
  - D) 25-28
  - E) 8-12
  
3. Жоғары иленгішті саздың су қажеттілігі, %
  - A) 35-45
  - B) 18-25
  - C) 10-12
  - D) 8-12
  - E) 28-30
  
4. Сазды минерал – каолиниттің формуласы
  - A)  $K_2O \times Al_2O_3 \times 6 SiO_2$
  - B)  $CaSO_4 \times 2H_2O$
  - C)  $Al_2O_3 \times 2SiO_2 \times 2H_2O$
  - D)  $CaO \times Al_2O_3$
  - E)  $4 CaO \times SiO_2$
  
5. Байланыстырғыш түріне қарай бетон түрлері
  - A) ауыр, жеңіл бетондар
  - B) жолдық, ыстыққа шыдамды бетон
  - C) перлитбетон, қожбетон
  - D) силикат бетон, гипсбетон
  - E) жеңіл бетондар, қожбетон

6. Силикатты кірпішті қыш кірпішпен салыстырғанда
- A) жоғары температураға және суға төзімділігі жоғары
  - B) төменгі температураға және суға төзімділігі жоғары
  - C) беріктігі, қаттылығы төмен
  - D) жоғары температураға және суға төзімділігі төмен
  - E) беріктігі, қаттылығы жоғары
7. Силикат кірпішін қалыптау әдісі
- A) жартылай құрғақтай пресстеу,  $P=30$  МПа
  - B) құйма
  - C) иілімді қалыптау  $P=3-5$  МПа
  - D) түйіршектерін нығыздау  $P=1-3$  МПа
  - E) аралас
8. Силикатты кірпіш құрамы
- A) кварц құмы + саз балшық + су
  - B) кварц құмы + ЖЭС күлі + су
  - C) кварц құмы + су
  - D) кварц құмы + ауа әгі + су
  - E) кварц құмы + сұйық (силикатты) шыны
9. Силикатты бетон өндірісінде \_\_\_\_\_ байланыстырғыш заттың суы қолданылады
- A) әкті-кремнеземді
  - B) гипсоцементті пуццоланды
  - C) әкті-күлді
  - D) әкті-шлакты
  - E) пуццоланды портландцемент
10. Сапалы силикатты бетонды алу үшін, оның құрамын анықтауда келесі шарттарды сақтау керек:
- A) байланыстырғыштың шығыны майда құмның дисперстілігі көбейген сайын азайып және силикаттыбетонды араласпасының қалыптау ылғалдылығы артқан сайын өседі
  - B) толтырғыш ретіндегі құм майда болған сайын, құмның байланыстырғыш құрамына кіретін бөлігі аз майдалану керек
  - C) бетонның берілген беріктігі жоғары болған сайын, байланыстырғыш шығыны көп болады
  - D) бетонның берілген беріктігі төмен болған сайын, байланыстырғыштың шығыны көп болады
  - E) толтырғыш ретіндегі құм ірі болған сайын, құмның байланыстырғыш құрамына кіретін бөлігі аз майдалану керек

11. Силикатты бетон өндірісіндегі байланыстырғыш зат
- A) майда ұнтақталған құм
  - B) шлакты портландцемент
  - C) гипс
  - D) әк
  - E) портландцемент
12. Силикатты бетондар өндірісіндегі байланыстырғыш заттың күйі
- A) әкті-белитті
  - B) әкті-аглопоритті
  - C) гипсоцементті пуццоланды
  - D) пуццоланды портландцемент
  - E) шлакты портландцемент
13. Силикатты бетон бұл
- A) буланған жасанды толтырғыштағы құмсыз бетон
  - B) буланған, жасанды кеуекті толтырғыштардағы цементті бетон
  - C) автоклавта қатаятын цементсіз бетон
  - D) буланған, металлургия өндірісінің шлагындағы цементті бетон
  - E) буланған, тау жынысынан дайындалған тығыз цементті бетон
14. Шөгінді механикалық жыныстар (цементтелген) жіктеледі
- A) күл, пемзалар, құмдар, саздар
  - B) құмдақтар, конгломераттар, брекчиялар
  - C) бор, трепел, опокалар, мәрмәр
  - D) граниттер, габбро, базальттар, диабаздар
  - E) өзен құмы, шағал, саз, бор
15. Шөгінді механикалық жынысты түзілімдер (борпылдақ) жіктеледі
- A) граниттер, габбро, базальттар, туф, пемза;
  - B) бор, трепелдер, опокалар;
  - C) құмдар, шағал, саздар, табиғи шағал
  - D) диабаздар, базальттар, трахиттер, құмдар;
  - E) күл, пемзалар, құмдар, шағал
16. Метаморфты (түрі өзгерген) жыныстар түзіледі
- A) магманың суып және қатуының нәтижесінде
  - B) алғашқы және екіншілік жыныстарының өзгеруінің нәтижесінде
  - C) тұздардың жинақталуы нәтижесінде
  - D) екіншілік жыныстардың бұзылуы нәтижесінде
  - E) алғашқы және екіншілік жыныстарының табиғи бұзылуының нәтижесінде

17. Магмалық тау жыныстары (алғашқы) түзіледі
- A) метаморфты жыныс түрлерінің химиялық әрекеттесуінің нәтижесінде
  - B) магманың суып қатуының нәтижесінде
  - C) тұздардың жиналуы нәтижесінде
  - D) табиғи қирау үрдісі нәтижесінде
  - E) шөгінді жыныс құрамдастарының химиялық әрекеттесуі нәтижесінде
18. Метаморфты жыныстардың жіктелуі
- A) гранитті жыныстар, мәрмәрлі жыныстар
  - B) өзгерген атқылаған жыныстар, өзгерген шөгінді жыныстар
  - C) массивті, сынғыш, тереңдік
  - D) механикалық шашындар, химиялық шашындар
  - E) химиялық шашындар, органогенді түзілімдер
19. Шөгінді жыныстардың (екінші) жіктелуі
- A) массивті, сынғыш, метаморфты
  - B) сынғыш, өзгерген шөгінді жыныстар, метаморфты
  - C) өзгерген атқылаған жыныстар, өзгерген шөгінді жыныстар
  - D) механикалық, химиялық, органогенді
  - E) массивті, өзгерген атқылаған, органогенді
20. Магмалық жыныстардың (алғашқы) жіктелуі
- A) өзгерген атқылаған, өзгерген шөгінді
  - B) механикалық, органогенді
  - C) механикалық, химиялық
  - D) массивті, сынғыш
  - E) химиялық шашындар, өзгерген шөгінді

**Құрылыс материалдары**

**ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Еңбекті қорғау**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Жұмыс зоналарында пайда болатын 1-класты зиянды заттардың концентрациясына бақылау жүргізіледі  
A) 3 жылда бір рет  
B) 1 жылда бір рет  
C) 2 жылда бір рет  
D) 10 күнде бір рет  
E) 10 айда бір рет
  
2. Адам ағзасына зиянды заттардың әсер ету дәрежесі \_\_\_\_\_ топқа бөлінеді  
A) 12  
B) 9  
C) 8  
D) 10  
E) 4
  
3. Канцерогендік заттарға жатады  
A) мата  
B) адам шашы  
C) шыны  
D) полицикликалық ароматты көмірсутегі  
E) күкірт оксиді
  
4. Тітіркендіргіш заттарға жатады  
A) сүйек  
B) толуол  
C) хлор  
D) анилин  
E) фосген
  
5. Токсикалық заттарға жатады  
A) ароматты көмірсутек  
B) ағаш  
C) темір  
D) азот оксиді  
E) аммиак

6. Өндіріс жағдайларында зиянды заттармен уланудың түрлері
- A) созылмалы және үлкен
  - B) ауыр және созылмалы
  - C) созылмалы және кішкентай
  - D) үлкен және кішкентай
  - E) жеңіл және орташа
7. Жарақаттарды талдау әдістерінің бір түрі
- A) топографиялық
  - B) ұйымдастыру
  - C) химиялық
  - D) техникалық
  - E) физикалық
8. Жазатайым (сәтсіз) оқиғаны тергеп-тексеру барысында ең жауаптысы және ең қиыны
- A) жұмысқа кірісу
  - B) жұмысты ұйымдастыру
  - C) комиссия құрамын анықтау
  - D) оның себебін анықтау
  - E) комиссияны жинау
9. Химиялық жарақатқа жатады
- A) күйіп қалу
  - B) соғып алу
  - C) сындырып алу
  - D) зиянды газдармен улану
  - E) үсіп қалу
10. Жарақаттар нәтижесіне қарай бөлінеді
- A) ауыр, өлімді, қайтарымды
  - B) жеңіл, өлімді, қайтарымды
  - C) ауыр, өлімді
  - D) жеңіл, ауыр, өлімді
  - E) жеңіл, өлімді
11. Механикалық жарақаттарға жатады
- A) химиялық заттардан күйю
  - B) ыстық судан күйю
  - C) кесіп алу
  - D) суықтан үсіну
  - E) электр тоғынан алынған жарақат

12. Өндірістік жарақаттану \_\_\_\_\_ жарақат
- A) жұмысшының жұмыс кезінде өзінің қауіпсіздік талаптарын сақтамауынан алынған
  - B) әкімшіліктің рұқсатынсыз жеке басының қажеттін өтеу кезіндегі
  - C) демалыс кезінде үйінің жанында алынған
  - D) демалыс кезінде үйінде алынған
  - E) жұмыстан бос уақытында алынған
13. Жұмысшыға жұмысқа жаңа орналасарда өткізілетін нұсқаулық
- A) жоспардан тыс
  - B) қайталама
  - C) қосымша
  - D) кіріспе
  - E) ағымды
14. Қайталама нұсқаулық кем дегенде \_\_\_\_\_ жылда бір рет өткізілуі тиіс
- A) бес
  - B) жарты
  - C) екі
  - D) төрт
  - E) үш
15. Нұсқаулықтар \_\_\_\_\_ топқа бөлінеді
- A) 8
  - B) 3
  - C) 2
  - D) 4
  - E) 5
16. Қазақстан Республикасының Конституциясы \_\_\_\_\_ жылғы
- A) 30.08.1995
  - B) 25.05.2005
  - C) 16.12.1991
  - D) 02.12. 1991
  - E) 15.02.1997
17. Еңбекті қорғауға сүйенетін құжаттардың бірі
- A) сынақ кітапшасы
  - B) студенттік билет
  - C) еңбек кодексі
  - D) кітап
  - E) анықтама

18. Еңбек қатынасының субъектілері

- A) жұмысшы мен жұмыс
- B) жұмысшы мен жұмыс беруші
- C) кітап пен қалам
- D) жұмысшы мен кітап
- E) жұмыс беруші мен қалам

19. Зиянды өндірістік факторға жатады

- A) психометр
- B) анемометр
- C) мономер
- D) от
- E) діріл

20. Қауіпті өндірістік факторға жатады

- A) кітап
- B) таза ауа
- C) дәптер
- D) шу
- E) электр тоғы



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Жұмыскерлерді қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен сақтайтын, ұйымдастыру шаралары мен техникалық құралдар жүйесі
- A) өндірістік фактор
  - B) дене шынықтыру
  - C) техника қауіпсіздігі
  - D) жеке меншік
  - E) кеңістік
22. Жалпы өндірістік зиянды факторлар топқа бөлінеді
- A) 3
  - B) 2
  - C) 6
  - D) 4
  - E) 5
23. Өндірістік санитария
- A) Еңбектің дұрыс жағдайын жасайтын шаралардың жүйесі
  - B) Жұмыс орнындағы жарықтандыру
  - C) Жұмыс берушінің шарттары
  - D) Еңбектің дұрыс гигиеналық жағдайын жасайтын шаралардың жүйесі
  - E) Еңбекті қорғау талаптары
24. Ішіне құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактикалық, оңалту және өзге де шаралар кіретін, еңбек іс-әрекеті үдерісінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау жүйе
- A) химия
  - B) гидравлика негіздері
  - C) физика
  - D) еңбекті қорғау
  - E) математика
25. Электр тоғынан қорғану шараларына жатады
- A) ауа ылғалдылығын жоғарлату
  - B) қорғаныш ағытылуы
  - C) қорғаныш жержалғанысы
  - D) қорғаныш нөлденуі
  - E) электр тоғының жайылуын көбейту
  - F) ток күшін көбейту
  - G) жоғары кернеуін жоғарлату
  - H) ток жиілігін жоғарлату

26. Айнымалы токтың адам үшін қауіпсіз күші, мА
- A) 1
  - B) 40
  - C) 45
  - D) 4
  - E) 20
  - F) 30
  - G) 2
  - H) 25
27. От төзімділік шегі 2,5 сағаттан кем емес жанбайтын бітеу қабырға
- A) брезент қабырға
  - B) гипсті картон
  - C) пластикті қабырға
  - D) қамыс қабырға
  - E) брандмауэр
28. Өрт сөндіру көбігі \_\_\_\_ топқа бөлінеді
- A) 10
  - B) 12
  - C) 2
  - D) 8
  - E) 9
29. Өрт сөндіру материалдарына жатпайды
- A) дизель отыны
  - B) су буы
  - C) ауа механикалық көбік
  - D) инертті газ
  - E) минералды ұнтақтар
30. Өрт қауіптілігі бойынша ғимараттар санаты
- A) А, Б, В, Г, Д, Е, Ж, З, К
  - B) А, Б, В, Г, Д
  - C) А, Б, В, Г, Д, Е, Ж, З
  - D) А, Б, В, Г, Д, Е, Ж
  - E) А, Б, В, Г, Д, Е

**Жазғаяттық тапсырмалар**  
**1-жазғаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Бір өндіріс орнының қызметкерлерімен бір айдың ішінде бірнеше жазатайым оқиғалар болды. Олар Айдаров, Абаев, Манапов, Кузаиров және Ануарбеков. Айдаров оның жұмыс міндеттерімен байланысты емес жұмыстарды істегенде жарақат алды. Абаев жұмыс орнын ретке келтіріп жатқанда жарақат алып, бір күннен кем емес еңбекке қабілеттілігін жоғалтты.

Манапов пен Кузаиров электр тоғынан зардап шекті. Олар еңбекке қабілеттілігін 10 күнге жоғалтты. Ануарбеков жұмысқа бара жатқанда бір сағат арасында қолын шығарып алды.

31. Ануарбековтың жазатайым оқиғасы \_\_\_\_\_ рәсімделеді
- A) Н-8 қалпымен
  - B) өндіріспен байланысты емес
  - C) Н-10 қалпымен
  - D) өндіріспен байланысты
  - E) Н-9 қалпымен
32. Манапов пен Кузаиров жазатайым оқиғасы \_\_\_\_\_ тергеуге жатады
- A) орташа
  - B) кішкентай
  - C) үлкен
  - D) арнайы
  - E) қалыпты
33. Манапов пен Кузаиров жарақаты \_\_\_\_\_ жазатайым оқиға
- A) үштік
  - B) бестік
  - C) бірлік
  - D) екілік
  - E) топтық
34. Абаевтың жарақаты \_\_\_\_\_ рәсімделеді
- A) Н-7 қалпымен
  - B) өндірістік жарақат емес ретінде
  - C) өндірістік жарақат ретінде
  - D) Н-8 қалпымен
  - E) Н-9 қалпымен

35. Айдаровтың жарақаты \_\_\_\_\_ рәсімделеді
- A) Н-9 қалпымен
  - B) өндірістік жарақат емес ретінде
  - C) Н-8 қалпымен
  - D) өндірістік жарақат ретінде
  - E) Н-7 қалпымен

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Қанат құрылыс компаниясында бетонмен жұмыс істейді. Оның жасы отызда. Керекті нұсқаулықтарды өтіп, жұмыс істеуге рұқсат алып өзінің тікелей міндеттерін орындауға кіріседі. Ол жұмыс барысында касканы кимей 10-30 киллограмды жүктерді тасымалдайды, бетонды қабылдауға қатысады, бетонды тығыздауға арналған дірілдегішпен жұмыс істейді. Қанатпен бірге әйел адамдар да жұмыс істейді. Олар жеңіл жүктерді тасымадауға арасында қатысады. Қанат жұмыс күнінің соңында ескерту алады. Жұмыс уақыты біткен соң, құрал-саймандарды жинап, бетонды тығыздауға арналған дірілдегішті тазалайды.

36. Бетонды тығыздауға арналған дірілдегішті тазалауға болмайды
- A) сүрткішпен
  - B) сумен
  - C) қағазбен
  - D) щеткамен
  - E) матамен
37. Қанаттың ескерту алған себебі
- A) жүктерді тасымалдады
  - B) каска кимеді
  - C) жұмыс істеді
  - D) дірілдегішпен жұмыс істеді
  - E) бетонды қабылдауға қатысты
38. Әйел адамдарға қолмен тасымалдауға рұқсат етілетін максималды жүк салмағы, кг
- A) 45
  - B) 15
  - C) 55
  - D) 25
  - E) 35
39. Еркек адамдарға қолмен тасымалдауға рұқсат етілетін максималды жүк салмағы, кг
- A) 80
  - B) 50
  - C) 90
  - D) 60
  - E) 70

40. Бетон жұмыстарына \_\_\_\_\_ жасқа толмаған азаматтар қабылданбайды
- A) 25
  - B) 21
  - C) 18
  - D) 22
  - E) 28

**Еңбекті қорғау**

**ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**